

Техникалық сипаттама

(ЛОТ №1)

№	Атауы	Сипаттамасы	саны
1	Кулонометриялық анализатор	Кулонометриялық анализатор ерітінділердегі заттардың концентрациясын дәл анықтау үшін қолданылатын электрохимиялық құрал болып табылады. Ол тотығу-тотықсыздану реакцияларын бақылап, анализдердің нәтижелерін жоғары дәлдікпен береді. Құрылғының жұмыс принципі кулонометриялық титрлеуге негізделген, ол 1 мкг/л-ден 100%-ға дейінгі концентрацияларды өлшеуге мүмкіндік береді. Нактылық деңгейі 0.01% дейін жетеді. Анализ жылдамдығы үлгінің күрделілігіне байланысты 1-ден 60 минутқа дейін өзгереді. Кулонометриялық анализатор автоматты түрде титрлеу жүйесі мен интуитивті басқару жүйесі арқылы жұмыс істейді, нәтижелер цифрлы дисплейде көрсетіледі және деректер компьютерде өңделіп сақталады. Жұмыс температурасы 10°C-тан 40°C-қа дейінгі аралықта болады, ал қуат тұтынуы 100 Вт-тан аспайды. Құрылғы 220 В ± 10% желі кернеуімен жұмыс істейді және барлық қажетті қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді. Құрылғының құрамына анализатор, электродтар мен титраторлар, пайдаланушы нұсқаулығы және техникалық құжаттама кіреді.	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауарды жеткізу тауар құнына енгізілуі тиіс монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқытумен міндетті түрде жүзеге асырылады

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары: Алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 50%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады. Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күн ішінде жеткізу